



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (2)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhyy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 851–865  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/ МРНТИ / IRSTI 03.23.55

[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_851-865](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_851-865)

## КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Махаббат Мәлікқызы Қозыбаева<sup>1</sup>, Ерланбек Әділбекұлы Жалмағамбетов<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2-үй, Сәтбаев көш., 10000 Астана, Қазақстан) PhD, қауымдастырылған профессор, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: [kozybayeva.m@mail.ru](mailto:kozybayeva.m@mail.ru)

<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (13 үй, Достық көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы) Академик Т.С. Садықов атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы  
<https://orcid.org/0000-0003-0246-0572>. E-mail: [yerlan\\_bek@mail.ru](mailto:yerlan_bek@mail.ru)

\*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә., 2026

**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Кеңестік Қазақстанда революциядан кейін биліктің таптық саясат аясында қабылданған нормативтік-құқықтар актілері аясында сайлау құқығының шектеу мәселесі қарастырылған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – Кеңестік Қазақстанда сайлау құқығынан айырылған азаматтардың категорияларын анықтау және сараптау. Сонымен қатар жүргізілген саясаттың салдарын анықтау. Зерттеудің міндеті нормативтік-құқықтық актілер аясында құқығынан айырылған азаматтардың әлеуметтік топтарын және олардың қоғамдық-саяси өмірдегі ролін анықтау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу архивтік құжаттар, нормативтік-құқықтық актілер мен сайлау мекемелерінің материалдары негінде жүргізілген. Мақалада тарихи-генетикалық, салыстырмалы, хронологиялық әдіс және сайлау құқығынан айырылған азаматтардың жеке істеріндегі материалдар қолданылған. *Нәтижелер.* Жергілікті билік азаматтардың үстінен түскен арыздар негізінде сайлау құқығынан айырып отырған. Түскен арыздар негізінен азаматтарды саудамен айналысқандығы, патша әкімшілігінде жұмыс істегендігі туралы мәліметтерден тұрған. Сайлау құқығынан айырылғандардың ішінде көпестер, саудагерлер, діни қызметкерлер, бұрынғы патша шенеуніктері, жалдамалы еңбек қолданғандар. Көптеген азаматтар жергілікті биліктің шешімдеріне қатысты өтініштер жазып тұрған. Жалпы тәжірибеде қоғамда билікке жағымдылар мен билікке «жаттарға» бөлінді. Жергілікті билік орындары заңсыз немесе дәлелсіз сайлау құқығынан айырған жағдайды оң шешіммен шеше алмаған кезінде, орталық сайлау орындары арыздарын жіберіп тұрды. *Қорытынды.* Кеңестік Қазақстанда сайлау құқығынан айыру таптық негізде жүргізілді. Сайлау құқығынан айырылғандарға бұрынғы кездегі қоғамда артықшылықтарға ие болған топ ретінде қарастырды. Шын мәнісінде сайлау құқығынан айырылғандардың тізімінің өсуі азаматтардың үстінен түскен арыздардың негізінде қалыптасты. Азаматтар шығарылған өкімдерге қарсы арыздар түсіріп

отырды. Жергілікті жерлерде өтініштер нәтижесіз болған жағдайда азаматтар Орталық сайлау комитетіне шағындануға мәжбүр болды.

**Түйін сөздер:** Кеңестік Қазақстан, сайлау құқығы, Кеңестерге сайлау, азаматтық құқықтардан айыру, «құқығынан айырылғандар» санаттары, сайлау науқаны, сайлау құқықтарын қалпына келтіру.

**Алғыс айту:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды: «1920 жылдардың басы мен 1930 жылдардың бірінші жартысында Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымы мен күнделікті өміріндегі "құқығынан айырылғандар": әлеуметтік-құқықтық мәртебесі және бейімделу мәселелері» (тіркеу нөмірі: AP26195559)

**Дәйексөз үшін:** Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә. Кеңестік Қазақстандағы азаматтық құқықтардан айыру тәжірибесі: «айырылғандар» мен «құқықсыздар» категориялары // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 851–865-бб. [қазақ тілінде]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_851-865

## ПРАКТИКА ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ ГРАЖДАН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: КАТЕГОРИИ «ЛИШЕНЦЫ» И «БЕСПРАВНЫЕ»

*Махаббат Маликовна Козыбаева<sup>1</sup>, Ерланбек Адилбекович Жалмағамбетов<sup>2\*</sup>*

<sup>1</sup> Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

(д. 2, ул. Сатпаева, 10000 Астана, Казахстан)

PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития "Алаш"

<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: [kozybayeva.m@mail.ru](mailto:kozybayeva.m@mail.ru)

<sup>2</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая

(д. 13, улица Достыка, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

старший преподаватель кафедры новой и новейшей истории Казахстана

имени Академика Т.С. Садыкова

<https://orcid.org/0000-0003-0246-0572>. E-mail: [Yerlan\\_bek@mail.ru](mailto:Yerlan_bek@mail.ru)

\*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Козыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.А., 2026

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена анализу ограничений избирательного права в Советском Казахстане, где в условиях классовой политики после революции в нормативно-правовых актах определялись категории граждан, лишённых избирательных прав. *Цель и задачи исследования.* Цель исследования – выявить и проанализировать категории лиц, лишённых избирательных прав в Советском Казахстане, а также определить причины и последствия данной политики; задачи исследования включают изучение нормативно-правовой базы, выявление основных социальных групп, подпадавших под ограничения, и анализ их роли в общественно-политической жизни страны. *Материалы и методы.* Исследование основано на архивных документах, нормативно-правовых актах и материалах избирательных органов. В статье использованы историко-генетический, сравнительный и проблемно-хронологический методы, а также анализ личных дел и обращений граждан для изучения практики лишения избирательных прав. *Результаты.* Лишение избирательных прав рассматривалось местными органами на основе жалоб, доносов и обвинений в торговле или службе в царской администрации. К основным категориям «лишенцев» относились купцы, торговцы, духовенство, бывшие чиновники и лица, использовавшие наёмный труд. Многие обжаловали решения, ссылаясь на тяжёлое положение. Практика разделяла общество на лояльных и «чуждых», а при отказе на местах обращения направлялись в центральные органы. *Заключение.* Ограничение избирательных прав в Советском Казахстане носило классовый характер, при этом к «лишенцам» относились бывшие привилегированные слои. На практике круг лиц, лишённых избирательных прав, расширялся из-за местных решений и доносов, что усиливало социальное разделение. При этом граждане пытались обжаловать решения, направляя обращения в местные органы власти. В случае

отказа или отсутствия изменений в решении они подавали жалобы в центральные органы, включая Центральный избирательный комитет.

**Ключевые слова:** Советский Казахстан, избирательное право, выборы в Советы, лишение гражданских прав, категории «лишенцев», выборная кампания, восстановление избирательных прав.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Лишенцы» в социальной структуре и повседневной жизни общества Казахстана в начале 1920-х – первой половине 1930-х годов: социально-правовой статус и проблемы адаптации» (ИРН: AP26195559).

**Для цитирования:** Козыбаева М.М., Жалмагамбетов Е.А. Практика лишения избирательных прав граждан в Советском Казахстане: «лишенцы» и «бесправные» – категории лишенных гражданских прав // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 851–865. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_851-865

## THE PRACTICE OF DISENFRANCHISEMENT OF CITIZENS IN SOVIET KAZAKHSTAN: "DEPRIVED" AND "DISENFRANCHISED" CATEGORIES

Makhabbat Malikovna Kozybayeva<sup>1</sup>, Yerlanbek Adilbekovich Zhalmagambetov<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satpayev St., 10000 Astana, Kazakhstan)

PhD, Associate Professor, Leading researcher at the Institute of Culture and Spiritual Development "Alash"  
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: [kozybayeva.m@mail.ru](mailto:kozybayeva.m@mail.ru)

<sup>2</sup>Kazakh National Pedagogical University (13, Dostyk St., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Senior lecturer at the Academician T.S. Sadykov Department of Modern and Contemporary History of Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0003-0246-0572>. E-mail: [yerlan\\_bek@mail.ru](mailto:yerlan_bek@mail.ru)

\*Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026

© Kozybayeva M.M., Zhalmagambetov Y.A., 2026

**Abstract. Introduction.** The article analyzes restrictions on electoral rights in Soviet Kazakhstan, where, under the conditions of class politics after the revolution, legal acts defined the categories of citizens deprived of voting rights. *Purpose and objectives.* The purpose of the study is to identify and analyze the categories of persons deprived of voting rights in Soviet Kazakhstan, as well as to determine the causes and consequences of this policy. The objectives of the study include studying the legal framework, identifying the main social groups subject to restrictions, and analyzing their role in the socio-political life of the country. *Materials and Methods.* The study is based on archival documents, legal acts, and materials of electoral bodies. The article uses historical-genetic, comparative, and problem-chronological methods, as well as an analysis of personal files and appeals of citizens to study the practice of deprivation of voting rights. *Results.* Deprivation of voting rights was considered by local authorities on the basis of complaints, denunciations, and accusations of trade or service in the tsarist administration. The main categories of "disenfranchised" included merchants, traders, clergy, former officials, and individuals who employed hired labor. Many appealed the decisions, citing their difficult situation. This practice divided society into loyalists and "outsiders," and if local applications were rejected, appeals were sent to central authorities. *Conclusions.* Restrictions on voting rights in Soviet Kazakhstan were class-based, with formerly privileged groups considered "disenfranchised." In practice, the circle of individuals disenfranchised expanded due to local decisions and denunciations, which exacerbated social division. Citizens attempted to appeal decisions by submitting petitions to local authorities. If the decisions were rejected or no changes were made, they filed complaints with central authorities, including the Central Electoral Committee.

**Keywords:** Soviet Kazakhstan, electoral law, elections to the Soviets, deprivation of civil rights, categories of "disenfranchised", election campaign, restoration of electoral rights.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Disenfranchised" in the social

structure and everyday life of Kazakhstan society in the early 1920s – first half of the 1930s: social and legal status and problems of adaptation” (IRN: AP26195559)

**For citation:** Kozybayeva M.M. Zhalmagambetov Y.A. The practice of disenfranchisement of citizens in Soviet Kazakhstan: "deprived" and "disenfranchised" categories // Otan tarihy. 2026. Vol. 29. No 2. Pp. 851–865. [in Kazakh] DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_851-865

**Кіріспе.** Кеңестік Қазақстанда сайлау құқықтарынан айыру XX ғасырдың саяси және әлеуметтік тарихын зерттеуде айрықша орын алады. Кеңес билігі алғашқы жылдарды сайлау құқығы жүйесі азаматтардың мемлекет өміріне тікелей қатысу құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар таптық саясаттың құралы негізінде де қарастырды. Сайлау құқығынан айырылған азаматтардың категориясын енгізу – "құқықсыздар" деп таңба тағылған жаңа кеңестік азаматты қалыптастыруға және жад таптардың өкілдерін саяси өмірден аластатуға бағытталған әлеуметтік сұрыптаудың жаңа механизмінің біріне айналды. Отандық тарих үшін бұл мәселе қазіргі таңда өзектілікті тақырыптардың біріне айналды. Себебі 1920–1930 жылдары еліміз әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің сан алуан күрделі процестерін бастан өткізген еді. Дәстүрлі көшпелі шаруашылықтан жоспарлы экономикаға көшуі, орта топтағы адамдарды тап ретінде жою, діни институттармен күрес және кеңестік әміршіл жүйенің қалыптасуы процесі жүрді. Қалыптасқан жағдайда сайлау құқықтан айыру тек заңды шара емес, қоғамның "социалистік қайта құру" саясатының маңызды құралдары ретінде қалыптасты. Осындай қоғамдық өзгерістердің орын алуы әрине бірінші кезекте қарапайым адам үшін үлкен соққы болатын. Жеке адамның өзіне ғана емес, тұтас отбасы үшін бұл үлкен трагедиялардың бірі болатын.

«Құқықсыздар» әлеуметтік тобын зерттеу Кеңестік Қазақстанның саяси жаңғыруының сипатын, кеңестік жүйеде адалдықты қалыптастыру және алып тастау тетіктерін, сондай-ақ таптық кемсітушіліктің әлеуметтік салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ауқатты азаматтарды, саудагерлерді, діни қызметкерлерді, жеке кәсібі болған, сондай-ақ «еңбекті қанаушылар» немесе «әлеуметтік жад элементтер» деп танылған адамдарды қамтитын құқықсыздар санаттарын талдау ерекше қызығушылық тудырады. Тақырыптың өзектілігі Кеңес мемлекетінің азаматтық құқықтар мен бостандықтар саласындағы саясатын жан-жақты түсіну, сондай-ақ адамдарды таптық саралануы нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік стратификация заңдылықтарын анықтау қажеттілігімен айқындалады

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Мақаланың деректік қоры ретінде Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің, Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің құжаттары пайдаланылды. Тақырыпты зерделеу барысында кеңестік Қазақстандағы сайлау құқықтарын шектеу мәселесін жан-жақты талдауды және осы құқықтардан айырылған азаматтардың санаттарын анықтауды қамтамасыз ететін жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер кешені пайдаланылды. Тарихи-генетикалық зерттеу әдісі Қазақстандағы сайлау құқығынан айырылғандар категориясының қалыптасу және даму процесін 1918 жылғы РСФСР Конституциясында сайлау заңнамасы бекітілгеннен бастап және 1936 жылғы КСРО Конституциясымен жойылғанға дейін бақылауға мүмкіндік берді. Оның көмегімен сайлау құқығынан айыру критерийлерін анықтаған нормативтік актілер мен әкімшілік шешімдердің реттілігі анықталды. Тарихи-салыстырмалы әдіс Кеңес Одағы мен Қазақ АССР-нің әртүрлі аймақтарында «сайлау құқығынан айырылғандар» туралы заңнаманы қолдану ерекшеліктерін салыстыру үшін қолданылды. Бұл Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық құрылымы жағдайындағы құқықтық саясаттың ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді, мұнда құқықтардан айыру байлыққа және ұжымдастыруға қарсы күрес науқандарымен ұштастырылды. Тарихи-сипаттамалық әдіс нақты материалды жүйелеу және айырылғандардың негізгі категорияларын сипаттау үшін қолданылды: бұрынғы байлар мен жұдырықтар, саудагерлер, діни қызметкерлер, бұрынғы патша шенеуніктері және қоғамдық пайдалы жұмысқа қатыспаған адамдар. Бұл айырылғандардың әлеуметтік келбетін және оларды күнделікті өмірде кемсіту формаларын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Деректану талдауы Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОМА) құжаттарын, облыстық мұрағаттарды, сайлау комиссияларының қорларын, сондай-ақ 1920–1930 жылдардағы мерзімді баспасөздегі статистикалық қорытындылар мен жарияланымдарды зерделеуді қамтыды. Бұл құқықтардан айырудың ауқымы мен нақты жағдайлары туралы алғашқы мәліметтерді анықтауды қамтамасыз етті.

**Талқылау.** Қазақстанда кеңес үкіметі тұсындағы кезеңде сайлау құқығынан айыру мәселесі кеңестік және қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Кеңестік тарихнамадағы бұл мәселе негізінен "социалистік демократияны" және сайлау жүйесінің таптық принципін нығайту аясында қарастырылды. 1920–1950 жылдардағы зерттеулерде [Саламатова, 2011] "қанаушылық таптарға" қарсы шара ретінде сайлау құқығын шектеудің "прогрессивті" сипатын атап өтті. Осындай саясаттың әлеуметтік және адами салдары назардан тыс қалып отырды. Азаматтарды құқықтарынан айыру белгілі бір табыс түрлеріне қарай ішінара негізделген болатын. Бұл саясаттың негізгі белгілерін анықтауы күрделі ұғымдарды қамтыған еді: бір жағынан пайда мен қанау, екінші жағынан еңбек [Moine, 2001]. Кеңестік билік орындары мен мекемелері үшін кей жағдайларда құқықтық шектеу арқылы өзінің саясат жүргізудегі құралы болып табылды.

1980 жылдардың аяғынан бастап елде жүргізілген жариялылық саясаты кезінде зерттеушілер кезінде орын алған сайлау жүйесінің жұмысын репрессиялық элементтерін сыни тұрғыдан қарастыра бастады. Жариялылық кезеңінде «құқықсыздарды» арнайы әдеуметтік құбылыс ретінде зерттеу тақырыбына арналған жұмыстар жарыққа шыға бастады. Бұл құбылысты әлеуметтік жағынан және қоғам тарапынан азаматтарды кемсіту деп қарастыра бастады. В.П. Архипов мен Л.Ф. Морозовтардың зерттеу жұмысы кеңестік мемлекеттің 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басындағы әлеуметтік, экономикалық саясатындағы маңызды бағыттардың бірі – капиталистік, қоғамға жад азаматтарға қарсы күресті зерттеуге бағытталған болатын. Зерттеушілер бұл процесті индустрия мен сауда саласындағы социалистік қайта құрулардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Жаңа экономикалық саясат кезеңінде сақталған нарықтық экономиканың элементтердің (жеке кәсіпкерлер, саудагерлер, делдалдар және т.б.) қызметін талдау және кеңестік биліктің оларды шектеу, ығыстыру және жоюға бағытталған шараларын көрсету. Зерттеушілер кеңестік жүйедегі социалистік негіздерін қалыптастыру үшін бұл күрестің заңды әрі қажетті болғанын дәлелдеуге тырысады [Архипов, Морозов, 1978]. Ю.С. Кукушкинның зерттеуінде кеңестік ауылдық аймақтағы билік органдарының қызметін және 1920–1930 жылдардағы таптық күрестің ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Ю.С. Кукушкин ауылдық кеңестердің кеңестік мемлекеттік жүйедегі рөлін айқындап, олардың әлеуметтік-саяси трансформация үдерісіндегі орнын талдайды. Еңбектің негізгі мақсаты – ауылдық кеңестердің қызметін таптық саясат тұрғысынан қарастырып, олардың кеңестік биліктің әлеуметтік базасын нығайтудағы маңызын көрсету [Кукушкин, 1968]. Автор ауылдық кеңестерді тек әкімшілік орган ретінде емес, сонымен қатар таптық күрестің негізгі құралы ретінде сипаттайды. Осындай еңбектердің ішінде А.И. Лепешкинның зерттеу жұмысын айтып кетуге болады. Ол кеңестік билік жүйесінің қалыптасуы мен дамуын, әсіресе Кеңестердің (Советтердің) мемлекеттік басқарудағы рөлін зерттеуге арналған. Бұл институтты кеңестік қоғамдағы негізгі саяси билік формасы ретінде қарастырып, оның «еңбекші халықтың билігі» ретіндегі маңызын көрсетуге ұмтылады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан Кеңестер жүйесінің құрылуын, қызмет ету механизмдерін және олардың әлеуметтік-саяси мазмұнын талдау [Лепешкин, 1966]. Автор Кеңестерді буржуазиялық парламенттік жүйеге балама ретінде сипаттап, олардың социалистік демократияның ерекше түрі екенін негіздеуге тырысады. Осындай еңбектердің қатарына Л.Ф. Морозовтың [Морозов, 1960], В.М. Селунскаяның [Селунская, 1987] еңбектерін атап өтуге болады. Олар кеңестік демократияның декларацияланған принциптері мен халықтың едәуір топтарын саяси процестен шығарудың нақты тәжірибесі арасындағы сәйкессіздікті анықтады.

Қазақстандық тарихнамада бұл тақырып 1990–2000 жылдары дами бастады. Зерттеушілер – М.К. Қойгелдиев, Т.О. Омарбековтың Қазақ АССР-ң әлеуметтік құрылым және таптық саясат мәселелеріне жүгінді. Олар сайлау құқығынан айырылғандар институтының айқын өңірлік сипатқа ие екенін көрсетті: ауыл және көшпелі халық басым болған Қазақстанда сайлау құқығынан айыру дәстүрлі әлеуметтік топтарға – байлар, молдалар, бұрынғы старшиндер мен ауқатты малшыларға қысым жасау құралына айналды [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993].

Мәселенің қазіргі тарихнамасы идеологияланған тәсілдерден алшақтаумен және Кеңес өкіметінің репрессиялық механизмінің бөлігі ретінде «сайлау құқығынан» айырылғандар институтын жан-жақты талдауға ұмтылумен сипатталады. Соған қарамастан, Қазақстанның жекелеген уездері мен округтерінде сайлау құқығы нормаларының өңірлік ерекшелігі мен практикалық іске асырылуы жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр, бұл одан әрі зерттеулердің өзектілігін айқындайды.

Кеңестік Қазақстанда сайлау құқығынан айыру мәселесі ұзақ уақыт бойы тарих ғылымының шетінде қалды. Кеңестік кезеңде бұл тақырып іс жүзінде тәуелсіз зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады, өйткені ол кеңестік жүйенің «жалпыға бірдей демократия» ресми

тұжырымдамасына қайшы келді. Тек 1950–1980 жылдардағы кейбір жұмыстар КСРО-дағы сайлау құқығы мәселесін қозғады, бірақ негізінен «озық социалистік жүйені» идеологиялық бекіту аясында.

Н.А. Федорова еңбегі ХХ ғасырдың 1920-жылдарындағы кеңестік мемлекеттік саясаттың маңызды құралдарының бірі ретінде сайлау құқығынан айыру тәжірибесін қарастырып, оның қоғам құрылымына тигізген әсерін талдайды. Зерттеудің негізгі мақсаты – «айырылғандар» категориясының қалыптасу механизмдерін, олардың құқықтық мәртебесін және әлеуметтік жағдайын анықтау. Зерттеуде автор кеңестік биліктің қоғамды таптық принцип бойынша жіктеу саясатына ерекше назар аударады. Осы тұрғыда сайлау құқығынан айыру тек саяси шара емес, сонымен қатар әлеуметтік бақылау мен реттеу құралы болғаны дәлелденеді [Федорова, 2007]. Ю.А. Русинаның зерттеу жұмысында кеңестік кезеңдегі сайлау құқығынан айырылған тұлғалардың («айырылғандар») өз құқықтарын қалпына келтіруге ұмтылу себептерін зерттеуге арналған. Автор бұл мәселені әлеуметтік тарих және күнделікті өмір тарихы тұрғысынан қарастырып, кеңестік қоғамдағы азаматтық мәртебенің маңызын ашады [Русина, 2009]. Автордың пайымдауынша «айырылғандар» тарапынан берілген өтініштердің мазмұнын талдау арқылы олардың мотивациясын, әлеуметтік жағдайын және кеңестік билікпен қарым-қатынасын анықтау. Автордың басты тезисі – сайлау құқығынан айырылу тек саяси шектеу ғана емес, сонымен қатар адамның қоғамдағы сенімділігі мен толыққанды азаматтық мәртебесінің жоғалуына алып келген маңызды фактор болды.

1990 жылдардың аяғынан бастап, әсіресе 2000–2010 жылдары тарихнамалық база едәуір кеңейді. Зерттеушілер айырылғандардың құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік бейімделу тақырыбына жүгіне бастады. С.К. Тулбасиеваның еңбектерінде Қазақ АССР-в сайлау құқықтарын реттейтін нормативтік-құқықтық базаға, сондай-ақ оларды жекелеген өңірлерде қолдану практикасына егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Авторлар Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты мен өңірлік қорлардың материалдарына жүгінеді, бұл айырылғандардың нақты ауқымы мен санаттарын анықтауға мүмкіндік берді [Тулбасиева, 2023].

Ұ.Ш. Исагулов, Д.М. Исагулованың зерттеу жұмысында 1920–1930 жылдардағы Ақтөбе қаласындағы айырылғандардың жағдайы зерттеліп, олардың әлеуметтік оқшаулану, жұмысқа орналасу және бейімделу мәселелері баяндалады. Сайлау комиссияларының тізімдерін, апелляцияларын жасау және шешімдерін қайта қарау процесі – құқықтық аспектке ерекше назар аударылады [Исагулов, Исагулова, 2023]. Бұл жұмыстар маңызды, өйткені олар «айырылғандар» құбылысын репрессиялық тәжірибе ретінде ғана емес, сонымен бірге кеңестік қоғамның басқару жүйесінің бөлігі ретінде қарастырады.

Қазіргі қазақстандық тарихнама “құқықсыздар” саяси жаңғырту және ерте кеңестік қоғамдағы әлеуметтік иерархияны құру тетіктері тұрғысынан қарастыра отырып, тақырыпты тек қана репрессиялық түсіндіруден біртіндеп алшақтайды. Сонымен бірге зерттеушілер аймақтық айырмашылықтарды, этномәдени ерекшеліктерді және саяси және әлеуметтік-экономикалық факторлардың қиылысын зерттеу қажеттілігін атап көрсетеді.

Шетелдік авторлар – Т. Мартин [Мартин, т.б., 2002], Ш. Фицпатрик [Фицпатрик, 2003], С. Коткин [Коткин, 2018], Н. Мойн [Moine, 2001], Дж. Алексопулос [Alexopoulos, 2003, 2006], М. Урбан [Urban, 2016] сияқты – кеңестік әлеуметтік саясат және алып тастау тәжірибесі (маргинализация) туралы жазбаларында «құқықсыздар» институтын кеңестік әлеуметтік жүйесінің бөлігі ретінде қарастырады. Олардың тәсілдері қазақстандық тарихнамаға әсер етіп, проблеманы зерттеудің сипаттамалық-аналитикалық моделіне көшуге ықпал етті.

Осылайша, қазіргі тарихнама құқықтық, социологиялық және тарихи-саяси аспектілерді біріктіретін пәнаралық тәсілмен сипатталады. Алайда, кеңестік Қазақстандағы айырылғандар тақырыбы өңірлік және сандық өлшемде жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Мұрағат көздеріне одан әрі жүгіну және басқа кеңестік республикалармен салыстырмалы талдауды қамтитын кешенді зерттеу қажет. Жалпы кеңестік кезеңдегі сайлау жүйесі, оның қалыптасу тарихына қатысты мәселесіне қарастырған жөн болмақ. Сайлау құқығынан айыру мәселесіне келетін болсақ, бұл норма РСФСР конституциясы бойынша бірнеше категорияларды енгізген еді.

**Нәтижелер.** Кеңес үкіметі өзінің билігін заңдастыру мақсатында сайлау жүйесін қалыптастырып, «кеңестердің» билігін халықтың қалауы ретінде көрсету болды. Қазақстан территориясында «ауылдарды кеңестендіру», «жергілікті кадрларды» қалыптастыру ұранымен большевиктер өзінің билігін нығайтуға тырысты. Кеңестерді сайлау барысында халық арасында альтернативті күштерді жою мақсатында алғашқы қабылданған конституциясында [Конституция, 1918] сайлау құқығынан айыру мақсатында арнайы категорияларды енгізген еді. Сайлау құқығынан

айырылғандардың ішіне бұрынғы патша билігіне қызмет істегендер, діни қызметкерлер, саудагерлер, кулактар, байлар, жалдамалы жұмысшылардың қызметін қолданғандар, молдалар, медресе мен діни мектептерде сабақ бергендер, старшиндер, жандарм [Kozybayeva, 2025: 576]. Яғни көрсетілген категориялар кеңестік билікке жад элементтер, контрреволюционерлер, халыққа қарсы күрес жүргізетін элементтер ретінде қабылданды. Бұл кеңес үкіметінің альтернативті саяси күшті жою, қоғам мен мемлекетте өзінің тоталді билігін орнату болды. Архивтерде сақталған құжаттар сайлау құқығынан айырылғандардың өтініштері кездеседі. Өтініштердің дені сайлау құқығынан айырылған азаматтардың жергілікті сайлау комитеттерінің қабылдаған шешімдеріне назарылығын көрсетеді. Яғни азаматты сайлау құқығынан айыру барысында қате шешімдер қабылданғаны, көрсетілген категорияға жатпайтынын айтылады.

Осындай бір өтініштердің бірі Шымкент қаласының тұрғыны Яков Константинович Войтовтың Орталық атқару комитетіне түскен болатын. Сайлау науқаны барысында Яков Войтовты сайлау құқығынан айырып тастаған. Негізгі себеп өзінің шаруашылығында жалдамалы еңбек қолданды деген айып тағылған. Ол өзінің өтінішінде 1928 жылы кеңестерге қайта сайлау кезінде Сырдария округінің Жуалы ауданының Алексеев ауылдық сайлау комитеті Яков Войтовты ауылшаруашылығында жалдамалы еңбекті қолдану негізінде сайлау құқығынан айырғанын айтады. Осындай шешім қабылданғаннан кейін Яков Войтов сайлау комитетіне өтініш түсірген еді. 1928 жылы кеңестерді қайта сайлау барысында Сырдария округінің Жуалы ауданындағы Алексеев ауылдық сайлау комитеті Яков Войтовты өз шаруашылығында жалдамалы еңбекті пайдаланған деген негізбен сайлау құқығынан айырған болатын.

Яков Войтов шығарылған шешімге қатысты шағындық өтініш берген болатын. Бірақ жазған өтініші аудан тарапынан, Сырдария округтік сайлау комиссиясы тарапынан қанағаттандырмай, шешімді өзгеріссіз қалдырған еді. Қабылданған шешімге қатысты Яков Войтов 1929 жылдың қарашасында Қазақ орталық сайлау комитетіне өз шағым өтінішін жіберген еді. Яков Войтовтың жазған өтінішіне тіркелген құжаттардан оның жалдамалы еңбекті қандай жағдайда қолданғаны туралы толық ақпарат келтірілген болатын. 1927 жылдың 3 желтоқсанда Яков Войтов 1907 жылы Алексеев ауылына қоныстанғанын еді. Ол өзінің күшімен шаруашылық жүргізген. Кей жағдайда ғана өз күшімен өнімді жинау мүмкін болмаған кезде жалдамалы еңбек күшін пайдаланатын еді. Жалдамалы еңбек күшін қолдану пайда табу мақсатында болған жоқ. Бұл тек қана қажеттіліктен туындаған жағдайда еді. Яков Войтов өзінің арызында қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып жүргендігі туралы айтқан болатын. Қоғамдық жұмыстардың ішінде негізінен кедейлердің мүддесін қорғауға бағытталған әрекеттер істегендегі туралы ақпарат берген. 1927 жылы тұрғылықты орны бойынша берілген анықтамасына сәйкес Я.Войтов маусымдық мерзімде жалдамалы еңбек қолданылғандығы туралы анықтаманы жергілікті жұмысшы комитеті берген. Бұл анықтаманы Я.Войтов өзінің өтінішіне қосқан. Осы анықтамаға сәйкес Я.Войтовтың кедейлердің мүддесін қорғауға қатысты жұмыстар істегендігі туралы анықтамада берілген еді [ҚР ОМА, 813-к, 1-т, 34-іс, 12–13-п]. 1929 жылдың 31 желтоқсанда берілген анықтамасына Яков Войтовтың ауыл шаруашылығымен айналысқандығы туралы, кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында сан алуан сайланбалы қызметтер атқарғандығы туралы баяндалған. Кеңес үкіметінің шығарған барлық жарлықтары мен өкімдерін жергілікті жерлерде орындау барысында белсенділік танытқандығы туралы дәлелді құжаттар болған. Жалпы алғанда шығарылған ережелерге сәйкес шаруашылық жүргізіп отырған азамат, я болмаса еңбекке жарамды отбасы мүшесі мемлекеттік, сайланбалы қызметте болған жағдайда жалдамалы еңбек күшін қолдануға құқылы болатын. Яков Войтовқа берілген анықтамаларға сәйкес оның мемлекеттік қызметте жұмыс істеп жүргенде жалдамалы еңбекті пайдалануға мәжбүр болғандығын көре аламыз. Осы жағдайларды ескере отырып Яков Войтовтың жалдамалы еңбекті қолдану оның пайда табу мақсатын көздегендігін көре аламыз. Осындай дәйекті фактілерді келтіру барысында Яков Войтов өзінің жалдамалы еңбекті мәжбүрлі жағдайларда пайлану үшін сайлау құқығынан айыруы заңсыз деп санаған.

Өтініш беруші Яков Войтов өзінің өмірбаяны бойынша төмендегідей мәліметтер келтірген болатын. Войтов Яков Константинович негізінен қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген еді. Ол Астрахан губерниясында 1885 жылы дүниеге келген еді. Ол 7 жасынан бастап әкесіз қалып қойған еді. Отбасында асыраушысыз қалған Яков Войтов 20 жасқа дейін тұрақты көнысы болмады. Сонымен қатар жалдамалы жұмыс істеп, өмір сүрген еді. 1898 жылы ол 13 жасында жесір анасымен бірге Түркістан өлкесіне келіп қоныстанған болатын. 1917 жылы Сырдария облысының Жуалы ауданына қарасты Алексеевка ауылынан өз жер үлесін алған болатын. 1917 жылы осы жерде жеке еңбегімен

отбасы мүшелерінің ерең еңбегі нәтжесінде өзінің шағын шаруашылығын қалыптастырған. Алесеевка ауылында Яков Войтов 1929 жылға дейін өмір сүрген еді. Яков Войтов білімін үйде жетілдіріп, өзі тұрған жерде діни мектепте білім алған. 1920–1921 жылдар аралығында қызыл әскер қатарында қызмет атқарды. Ол ерекше мақсаттағы республикалық қызыл әскер резервілік полкісінде атқарған болатын. Антонов бандасын жоюға арналған әскери операциясына қатысқан. Азамат соғысы толық аяқталғаннан кейін ол әскер қатарынан келді. Революцияның алғашқы күндерінен бастап 1928 жылға дейін ол тұрақты саналуан сайланбалы қызметтерде жұмыс істеді. 1928 жылы Войтов Яков Константинович кеңестік қызметтердің ішінде Бұранды ауылында ауыл шаруашылық несиелік серіктестігінің контролері болған, сондай-ақ серіктестіктің қазынашысы қызметін атқарған [ҚР ОМА, 813-қ, 1-т, 34-і, 19-19об-п]. Оның жалғыз ұлы Константин кеңестік қызметте жұмыс істеген еді. Ол ауылдық кеңестің мүшесі қызметінде хатшы болды. Маусымдық егін жинау кезінде Яков Войтов пен оның ұлы Константин кеңестік мекемелерде қызмет атқарғандықтан егін жинауға мүмкіндігі болмады. Отбасының құрамы 9 адамнан тұрғандықтан және еңбекке жарамды тек қана 2 адам болғандықтан жалдамалы еңбек пайдалануға мәжбүр болды. 1928 жылы сайлау науқан барысында Яков Войтовты жалдамалы еңбекті пайдаланғаны үшін саулау құқығынан айырып жіберген еді. Онымен қатар Войтовтың отбасы мүшелерін де сайлау құқығынан айырып жіберген еді. Ол жалдамалы еңбекті мәжбүрлік себептерінен ғана пайдалынғаны және орталық сайлау комиссиясына өзінің құқықтарын қалпына келтіруге қатысты өтінішін жазған еді.

Яков Войтов сияқты сайлау құқығынан айырылған азаматтардың ішінде Пастухов Александрда болған. А. Пастухов революцияның алғашқы күнінен бастап Жаңа-Қазалыда тұрған болатын. Қызыл әскердің қатарындағы жауынгерлерге сабақ берген еді. Азамат соғысы кезінде әскер қатарында болып, майданда ұрыстарға қатысқан. Майданнан кейін бірнеше лауазымдарда жұмыс істеді. Революцияның алғашқы жылдарында кеңес билігін орнату жолында қызмет атқарған еді. 1922 жылы қызыл әскер қатарынан келгеннен кейін Қазалы қаласында су шаруашылық саласында бухгалтер болып қызмет атқарды. Қазалы қаласындағы су шаруашылық мекемесі тарқатылғаннан кейін ол жұмыссыз қалды. 1926 жылдары күн көру мақсатында сауда-садықпен жүргізген болатын. 1927 жылдары А. Пастухов шартты түрде еңбек істеп жүрген еді. 1929 жылы ол сайлау науқаны кезінде саудагер ретінде сайлау құқығынан айырылған еді. Ол жергілікті жерлерге өзінің сайлау құқығынан айырылғандар тізіміне заңсыз енгізілгені туралы бірнеше шағын-арыздар берген еді. Ол өзіне қатысты айтылған кінәні мойындамады. Сауда-саттықпен айналасуда өзінің кінәсін болмағанын атап өтті. Сайлау құқығынан айырылғаннан кейін үш баласын асырауға қиындық жағдайларға тап болғандығы туралы да мәлімдеді. Коммунистік партияның сайлау науқаны кезінде құқықтан айырылғандардың тізімін қайта қарау тапсырмасына сәйкес өтінішін береді [ҚР ОМА, 813-қ, 1-т, 34-т, 82-п]. Ол өзінің жұмысшылармен бірге еңбек еткенін растайтын партиялық қызметкерлердің анықтамасында кеңестік қызметтерде жұмыс істегендігі туралы дәлелді құжаттарды алған болатын еді. Ол өзінің өмір жолында кеңес үкіметін орнату жолында жүргендігін, мемлекеттік және қоғамдық лауазымдарда жұмыс істегендігін дәлелдейтін анықтамалар өткізген еді. Құқықтарынан айыру мәселесіндегі басты жағдай оның жұмыссыз қалып, саудамен айналысқаны болатын. Ол өзінің сайлау құқығынан айыру барысында қателіктер орын алғандығы туралы айтқан еді.

Осындай сайлау құқығынан айырылғандың арасында Қызылорда қаласының азаматы Иван Двоглазовта болған еді. Қызылорда қаласының комитетінің бас президиумы И. Двоглазовты құқықсыздар қатарына кіргізген еді. Осы қабылданған шешімге қарсы И. Двоглазов бірнеше мәрте өтініш берген. И. Двоглазов Қызылорда қаласындағы заң кеңесшісіне жолығып, өзінің сайлау құқығынан айыру себептерін анықтаған болатын. Заң кеңесшісі кезінде И. Двоглазовтың саудамен айналысқандығы үшін құқықсыздар санатына кіргізгендігі туралы мәлімдеді. Бұл жауапқа И. Двоглазов мүгедек ретінде сауда жасауға тегін патент алып, сауда жасағандығын айтты. Осы патент негізінде ол өзінің күн көргендігі, табысын тапқандығын ескертті. Заң кеңесшісі патенттің мүгедектің салдарынан алғандығы туралы қалалық комитетке мәлімдеуді ұсынды. Бірақ өкінішке орай И. Двоглазовтың берген өтініші қабылданбай, шығарылған шешім өзгертілмеді. Өтінішті қабылдамаудың себебі ретінде саудамен айналысқан азаматтар міндетті түрде пайдалы қоғамдық жұмыстарда кемінде 5 жыл жұмыс істеуі керек еді [ҚР ОМА, 819-қ, 1-т, 34-і, 106-п]. Бірақ азаматтардың барлығында мұндай еңбек өтілім болмайтын. Соған қарамастан, Иван Двоглазов өз мүмкіндігіне қарай, 60 жас шамасында революция мен азамат соғысының ең ауыр кезеңінде, тылда болса да, 4,5 жыл бойы тынымсыз еңбек еткен және 1919 жылы белгілі бір уақыт аралығында үш жауапты қызметті қатар атқарған. Осыған байланысты Иван Двоглазов Қызылорда округтік атқару

комитетінің президиумынан өзін сайлау құқығында қалпына келтіруді сұраған, өйткені бұл оған мүгедектер артельінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін еді. Егер сайлау құқығына қайта қалпына келмеген жағдайда оның күнкөрісі нашарлап, кеңес одағының азаматтарына тиесілі жеңілдіктер мен құқықтардан айырылған болатын.

Ахунжанов Абдусатаров Қазалыда сайлау науқаны кезінде құқытарынан айырылған еді. Сайлау құқықтарын қалпына келтіру мақсатында ол өтініш түсірген еді. Бірақ оның өтініші қаралмай, шығарылған шешім өзгертілмеді. Өтінішке ол өзінің өмірбаяның қоса тіркеген еді. Ахунжанов Абдусатаров өзі кедей отбасында дүниеге келген еді. Өазан губерниясының Жаңа-Киштин болысында дүниеге келген еді. Жас кезінен бастап жалдамалы еңбек етуге мәжбүр болды. Ол бастапқыда көпестік әулет Хусаиновтардың үйінде жұмыс істеп жүрген болатын. Кейіннен ол осы көпестердің сауда үйінде жұмысын жалғастырды. Ол бұл қызметте 1916 жылға дейін жұмыс істеді. Революция басталғаннан кейін ол әскер қатарына шақырылып, Қазалы қаласында қарауылдық қызметте болды [ҚР ОМА, 813-қ, 1-т, 34-і, 128-п]. Әскери борышын өтеп болғаннан кейін ол 1926 жылға дейін кеңестік мекемелерде үздіксіз қызмет атқарған еді. 1926–1927 жылы өзінің саудада жұмыс істеген тәжірибесі арқасында “Турквино” артельінде кассир қызметін атқарған еді. Ол өзінің денсаулығына байланысты және отбасылық жағдайдайына байланысты 2 санаттағы сауда патентін алып, саудамен айналысуға мәжбүр болды. Кейіннен жеке кәсіп ашып, конфет жасап, соны сатып жүрді. Кейіннен Қазалы қаласында ет өнімдерін өңдейтін мекемесінде жұмыс істеген. Сол мекемеде мал өнімдерін дайындау агенті болып қызмет етті. Жоғарыда баяндалғандарға байланысты Ахунжан Абдусатаров қалалық кеңес төрағасынан өзінің ауыр жағдайына назар аударуды, буржуазиялық езгіден зардап шеккен қызметкер ретінде түсіністік танытуды сұрайды. Сонымен қатар, оны сайлау және азаматтық құқықтарында қайта қалпына келтіруді өтінеді.

Зонов Александр Никитьевич Қарқаралы қаласының тұрғыны да сайлау құқығынан айырылған болатын. Ол бұрынғы ресей империясының әкімшілігінде жұмыс істеген деген айып тағылған болатын Яғни азамат соғысы кезінде Колчактің кезінде түрмеде жұмыс істеген деп айып тағылған.

Қабылданған шешімге қарсылық ретінде Зонов Александр Колчак кезінде түрмеде жұмыс істемегені және 1898 жылдан бастап (1904–1906 жылдары әскери міндетін өтеу кезеңін қоспағанда) телеграф мекемесінде үзіліссіз жұмыс істегендігі туралы өтінішінде анықтамалар тіркеген еді. Бірақ оның өтініші қайта қаралмай, шығарылған тізімдерде “құқықсыз” ретінде тізімде тұрған еді. Кейін А. Зонов округтік сайлау комитетінен өтініш түсірген еді. Бұл өтініші 2 айдай жатқан. 26 қаңтарда түсірілген өтініш 21 наурызда ғана қаралды. 1929 жылдың 21 наурызда шыққан өкімге сәйкес оны “колчак кезінде түрме бастығы болғаны емес”, “Колчак кезінде кеңес үкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізгені үшін” деп негіздеме береді. Яғни контрреволюциялық іс-әрекет жасағаны үшін сайлау құқығынан айыру шешімі өзгеріссіз қалды. А. Зонов бұл тағылған айыпты негізсіз деп санады. Себебі оның пікірінше мұндай айып жалпылама сипатта болған. Негізінен ол өзінің жазған өтінішінде 1917–1924 жылдар аралығында Семей қаласында пошта-телеграф мекемесінде үзіліссіз қызмет атқарғандығы туралы ақпарат берген еді. Яғни оның өтінішіндегі көрсетілген ақпарат бойынша ол пошта мекемесінде қызмет істеген жағдайды, колчак өкіметінде жұмыс істеу мүмкіндігі болмағандығын айтады. А. Зонов өзінің бұрынғы қызметтесі оның осындайға түсуінің себепкері деп айтқан еді. Қызметтесі кеңес үкіметі орнағаннан кейіннен де оны әрі қарай қудалауды жалғастырған еді. Бұл мәселеге қатысты пошта жұмысшылары арасында да бірнеше мәрте қаралған болатын. Бұл жағдай бойынша А. Зонов төтенше комиссияға ескерткен болатын. Қала коменданты жеке бас есеп айырысуларға қатысты шектеулер қойған болатын. Осы кезден бастап қудалау уақытша тоқталытып, кейіннен қайта жалғаса бастады. Осының салдарынан А. Зоновтың мәліметтері бойынша ол отбасымен бірге Қарақаралыға көшіп кетуге мәжбүр болатын. 1927 жылы бұрынғы бірге жұмыс істеген қызметтесі Қарқаралыға келіп, қоныстанған еді. Осы кезде сайлау науқаны кезінде А.Зоновтың жұбайы сайлауға кандидатурасын ұсынған еді. Бірақ бұрынғы әріптесінің әрекеттері салдарынан А. Зоновтың жұбайының сайлануына қауіп төндірген еді. Кейіннен әріптесі басқа қалаға көшіп кеткен болатын. Бірақ А. Зоновтың бұрынғы әліптесімен есеп айырысу салдарынан оны “құқықсыздар” санатына енуі, отбасы мүшелерінің сайлау және сайлану құқықтарының шектелуі орын алды [ҚР ОМА, 813-қ, 1-т, 24-і, 62-п]. А. Зонов құқықсыздар санатына енгеннен кейін оның жұбайыда барлық құқықтардан айырылған еді. Отбасындағы өзбетінше табыс табатын басқа да мүшелері сайлау құқығынан айырылған еді. Отбасы мүшелерінің сайлау құқығынан айырылу кеңес азаматтарына берілетін заңда құқықтардан тыс қалуы болып саналатын. А. Зонов өзінің

өмірбаянында қарапайым отбасында дүниесі келгенін айтады. Ал оның жұбайы Қарқаралы қаласындағы кедей отбасынан шыққан. Еңбек жолының басым бөлігін почта қызметкері лауазымында жұмыс істегендігі туралы ақпарат келтіреді. Құқықтан айырылған санатындағы азамат ретінде оның балалары мектептен шығуға мәжбүр болады. Себебі құқықсыздар санатындағы азаматтардың құқытары шектеліп, кеңес азаматтарына тиесілі әлеуметтік көмектердер айырылған болатын. Жалпы 1927 жылғы сайлау науқаны кезінде тек қана Ақтөбе бойынша 1663 адам сайлау құқығынан айырылған еді [АОМА, 3-к, 1-т, 522-і, 109-п]. Сайлау құқығынан айырылғандар тарапынан 136 өтініш түскен еді. 56 адамға қайтадан сайлау құқығын қалпына келтіруге оң шешім қабылданса, 80 адамның өтінішін қанағаттандырмады. Бұндай жағдайлар республиканың көптеген өңірлерінен көрініс тапқан. Жоғарыда қарастырылған өтініштердің мысалында бұл жағдайды көруге болады. Әрине бұндай жағдайлардың орын алуы жергілікті атқару комитеттерінің “қарқынды”, “белсенді” жұмысының нәтижесі деп түсінуге болады.

Сайлау құқығынан айырылған адамдар тобы одақтас республикалардың конституцияларында және КСР Одағы орталық атқару комитетінің және одақтас республикалар орталық атқару комитетінің сайлау нұсқаулықтарында айқындалған. Одақтас республикалардың конституцияларында сайлау құқығынан айырылған азаматтар санаттарының ең жалпы тізімі ғана берілген. Бұл тізім КСР Одағы орталық атқару комитетінің сайлау нұсқаулығында нақтыланған. Бұл тізбе еңбек шаруашылығының, мал шаруашылығының және тағы басқа көшпелі сипаттағы жергілікті тұрмыстық жағдайларды ескере отырып, жалпы одақтық нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізуге құқығы бар одақтас республикалар үшін міндетті болып табылған.

Осылайша, сайлау құқығынан айырылған адамдардың санаттары КСР Одағы орталық атқару комитеті Президиумының сайлау нұсқаулығымен анықталған. Бұл санаттар үш негізгі топқа бөлінген:

- а) пайда табу мақсатында жалдамалы еңбекке жүгінген немесе жүгінген адамдар;
- б) еңбектен тыс табыстармен өмір сүрген немесе өмір сүріп жатқан, сондай-ақ қазір саудамен айналысқан немесе айналысатын адамдар;
- в) одақтас республикалар конституцияларының тиісті баптарына сәйкес өзінің әлеуметтік жағдайы бойынша сайлау кезінде немесе өзінің бұрынғы қызметі бойынша сайлау құқығынан айырылған санатқа жататын адамдар;

Жалпы одақтық сайлау нұсқаулығын қолдану бойынша қосымша түсіндіруде Кеңес Одағы орталық атқару комитетінің төралқасы сайлау құқығын ерекше жағдайларды қоспағанда, өз шаруашылығында тұрақты жалдамалы еңбекті қолданатын, сондай - ақ жылына орта есеппен 100 адам-күннен аспайтын уақытша жалдамалы еңбекті қолданатын фермерлер пайдалана алмайтынын көрсетті. Сайлау құқығынан айырылған отбасы мүшелері сайлау құқығынан айырылған адамдарға материалдық жағынан тәуелді болмаған және өздерінің өмір сүру көзі ретінде дербес қоғамдық пайдалы еңбекке ие болған жағдайларда сайлау құқығынан айырылмаған. Өзінің бұрынғы қызметі немесе өзінің әлеуметтік жағдайы бойынша сайлау құқығынан айырылған адамдарға келетін болсақ, Кеңес Одағының орталық атқару комитеті президиумының сайлау нұсқаулығы осы адамдардың атқаратын лауазымдары мен патша жүйесі кезінде де, ақ гвардиялық үкіметтер кезінде де жұмысының сипаты бойынша толық тізбесін береді.

БОАК президиумының сайлау нұсқаулығы сайлау құқығынан айырылған адамдарды есепке алу құжаттық сипаттағы мәліметтер негізінде жүргізілуге тиіс екенін көрсетеді және оның негізінде сайлау құқығынан айырылған белгілі бір санаттағы айырылғандарды тізімге енгізу жүргізілуі мүмкін құжаттардың шамамен тізбесін келтіреді. Алайда, одақтас республикалар ОАК президиумдарының нұсқауларында жалпы одақтық сайлау нұсқаулығында белгіленген айырылғандар санаттарынан айтарлықтай ауытқулар болған жоқ. Жергілікті билік органдарының, жергілікті атқарушы комитеттердің іс-әрекеттеріне келетін болсақ, олардың кеңестерге сайлауға байланысты шешімдерінде айтарлықтай ауытқулар орын алған. Мысал ретінде жоғарыда келтірілген өтініштерді алып қарасақ болады. Мәселен сайлау құқығынан айырылған азаматтардың көбісі кедей отбасынан шыққан, революциядан кейінгі жылдарда мемлекет тарапынан еркін сайдауға рұқсат кезінде кәсіппен айналысқандар. Саудамен айналысқан азаматтардың патенттері болғаны. Бұл патенттерді мемлекет өзі берген. Яғни патенті бар азаматтар заңды түрде саудамен немесе кәсіппен айналысқандығы көрінеді. Қалаларда патша билігі кезінде белгілі бір лауазымды атқарған адамдар сайлау құқығынан айырылады, дегенмен бұл лауазымдар қандай да бір дәрежеде сайлау құқығынан айыруға алып соқпайды. Ересектер мен тәуелсіз табысы бар балалар ғана емес, сонымен бірге олардың басқа туыстары да құқықтарынан айырылады, өйткені олар бір отбасында тұрады. Демек, тәжірибе

қолданыстағы сайлау заңына қайшы, дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың санатын едәуір кеңейтті деген қорытынды жасауға болады.

Жалпыодақтық сайлау нұсқаулығы сайлау құқығынан айырылған адамдардың тізімін жасау сайлау комиссияларының құқықтары мен міндеттеріне, оның ішінде бастауыш сайлау комиссияларының - ауылдық және қалалық (учаскелік) құқықтары мен міндеттеріне жатқызылады [Kozybayeva, Kaipbayeva, 2024: 420].

Қазіргі уақытта жұмысшы бригадалар ауылдарда және ішінара қалаларда сайлау құқығынан айырумен айналысқан. Ал бұл бригадалар ауылдық кеңестер мен аудандық атқару комитеттерін осы істен алып тастайды. Қалаларда, соның ішінде Мәскеуде де үй басқармаларына құқығынан айырылған тізімдердің нақты құрастырылуы берілген. Мәселен, мысалы, Мәскеу Кеңесі Президиумының дауыс беру құқығынан айырылған адамдарды есепке алу туралы келтірілген қаулысында "үй басқармаларының мәліметтері" дауыс беру құқығынан айырылған адамдарды есепке алудың негізіне алынуы керек екендігі нақты анықталған [Прохоров, 2023]. Осылайша, үй басқармасына айыру тізімдерін жасау міндеті жүктеледі. Бұл тізімдер дереу ілінген және осы тізімге енген адамдар сайлау құқығынан айырылды деп танылған. Бұл тізімдерді аудандық сайлау комиссияларының бекітуі ресми сипатқа ие және тек мүдделі тұлғалардың шағымдарына негізделген. Сондай-ақ, осындай көрініс ауылдық кеңестердің сайлау құқығынан айырылған тізімдерін жасау кезінде байқалады, мұнда ауыл азаматтарының жеке шоттарын жинақтау да маңызды рөл атқарады. Осылайша, бір жағынан, мемлекеттік органдар функцияларының үй басқармаларына деген сенімі, екінші жағынан, ауылдық сайлау комиссиялары мен ауылдық кеңестердің қарауындағы сайлау науқанының негізгі сәттерінің бірін ауылдық жерлерде шоғырландыру байқалған. Бұл азаматтарға оларды құқығынан айырылған тізімге қате енгізуге кепілдік бере алмайды, әсіресе қазіргі шиеленіс кезінде қала мен ауылдағы таптық күрес және жеке тұлғалардың бұл шиеленісті өз пайдакүнемдік мақсаттарында пайдалану тенденциялары сөзсіз.

Ауылдық жерлердегі «құқықсыздардың» жағдай нашар болатын. Құқықтан айырылғандар кулактармен теңестірілді, оларды колхоздарға мүшелікке қабылдамады. Сонымен бірге колхозда мүшелікте болған азаматтарды ұжымшардан шығарады, кейін мүліктерін тәркілеп, тұрғын үйлерінен қуып шығаратын. Бұл жағдай барлық отбасы мүшелеріне қатысты болатын. Сонымен қатар, бірқатар аудандарда ауылдық жерлердегі құқықтан айырылғандарға тауарларды екі есе бағамен сататын. Қонақ үйлер мен қонақ үйлердегі құқықтан айырылғандарға шай және басқа да өнімдер беруге тыйым салатын қаулылар болған. Басқаша айтқанда, ауылдық жерлердегі құқықтан айырылғандар мүлдем мүшкіл жағдайға тап болатын. Осыған байланысты "кулак" және "құқықтан айырылған" ұғымдары бірдей дәрежеге түсіп қалған болатын. Дауыс беру құқығынан айырылғандар кейбір ауылдық жерлерде кулак ретінде қабылданатын. Бұрынғы лауазымынан айырылғандар – күзетшілер, қалалық және басқа да кішігірім патша тұында қызмет атқарғандар шын мәнінде ауылда қуаты төмен, орта немесе тіпті кедей адамдар болған. Кезінде земство управосының мүшелігінде болған азаматтарды да сайлау құқығынан айырып отырған. Бір азамат құқықтан айырылған адамдармен бір үйде тұрғаны үшін (мысалы, құқықтан айырылған ата-аналармен бір үйде тұратын отбасылар және т.б.) сайлау құқығынан айырылатын. 1929 жылғы 13 наурыздағы БОАК президиумының қаулысы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау құқығынан айыру туралы қаулыға шағымданған немесе оларды қалпына келтіру туралы өтініш білдірген азаматтарға "кеңестерге сайлау және сайлану құқығындағы шектеулерден басқа құқықтарда басқа шектеулер қолданылмауы керек" деп қабылдауды ұсынды. Яғни бұл қаулының негізгі мақсаты құқықсыздар санатына өткен азаматтардың қоғам тарапынан шеттетпеу механизмін жасау болды [Постановление НКТ СССР, 1929]. Мәселен құқықтан айырылған азамат соңғы шешім қабылданбай, кеңес азаматына тиесілі құқықтарды қолдануға мүмкіндік алды. Жұмыста қызметі сақталуы, балалардың мектепте оқуын жалғастыру, пәтерлерін сақтап қалу. Кеңес мемлекеті аумағында белең алған «құқықсыздарды» қудалау үдерісін азайту тетіктерінің бірі болатын. Алайда, іс жүзінде қалаларда және ауылдық жерлерде саналы түрде бірінші сатыларда (жергілікті жерде) сайлау құқығынан айырылған адамдарды жаппай көшіру, оларды азық-түлік карточкаларынан айыру және тағы басқа қудалау үрдісі орын алды.

Жалпыодақтық сайлау нұсқаулығына сәйкес өзінің таптық жағдайы бойынша немесе өзінің бұрынғы қызметі бойынша құқықтан айырылған адамдарды сайлау құқықтарына қалпына қайта келтіру одақтас республикалар ОАК президиумдарының қаулыларымен жүзеге асырылды. Кәсіподақ мүшелеріне қатысты КСР Одағы ОАК Төралқасы 1927 жылғы 4 наурыздан бастап кәсіподақ мүшелеріне аймақтық, облыстық, губерниялық және округтік атқару комитеттері жоғарыда аталған

бес жылдық еңбек өтілі талабы қойылмады. Тиісті сайлау комиссияларын ұсынуымен кеңестерге сайлауға қатысуға рұқсат бере алтын болды.

Осылайша, бұрынғы жұмыссыз санаттағы адамдардың сайлау құқығын қалпына келтіру үшін бес жылдық еңбек өтілі қажет болды. КСРО Еңбек халық комиссариатының 1929 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен сайлау құқығынан айырылған азаматтарды еңбек биржасына есепке алуға тиім салған еді [Приказчикова, 2009: 41-76]. Бұндай шараны 5 жылдан аз уақыт өндірістік және қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысқан жағдайда қолданып отырды. Сонымен қатар құқықтан айырылған азамат міндетті түрде кеңес үкіметіне адалдығын дәлелдеу қажет болды. Басқаша айтқанда, бір жағынан сайлау құқығынан айырылғандардың осы қайта қалпына келтіру үшін олардан бес жылдық еңбек өтілімін талап етсе, екінші жағынан олар еңбекпен айналысу мүмкіндігінен айырылды. Сайлау құқығынан айырылған азамат өзінің сайлау құқығын қайта қалпына келтіру үшін 5 жылдық еңбек өтілімін талап етілді. Егер 5 жылдық еңбек өтілімі болмаса оны еңбек биржасына тіркеуге алмады. Бұл кеңес билігі тарапына қабылданған заңдардың шикілігін көрсеткен еді. Жоғарыда сайлау құқығынан айырылған азаматтар тарапынан түсірілген шағын өтініштерде еңбек өтілімі мен қоғамдық қызметтер туралы ақпарат келтірілген. Бұл әрине сол кездегі қалыптасқан заңнамалық актілердің аясында жазылған еді. Сайлау құқығынан айырылған азаматтардың толық құқықтардан айырылуы тек қана азаматтың өзіне ғана емес, оның отбасына тиген ауыр соққы болатын. Осындай жағдайларда өмір сүрген азаматтарға әрине мемлекет тарапынан қолдау болмады. Мәселен жаңа экономикалық саясат аясында еркін саудамен айналысқан азаматтар кейін қудалауға түсе бастады. Сауда-саттықпен айналасуға мемлекет арнайы патенттер беріп отырған. Осы патент негізінде азамат сауда жүргізіп отырды. Бірақ кейіннен конституцияға саудамен айналысқаны үшін сайлау құқығынан айырып отырған. Сонымен қатар кейбір жағдайларда азаматтар саудамен пайда табу үшін емес, күн көру мақсатында айналысып отырған. Мүгедектігі бар азаматтар, белгілі бір себептерге байланысты ауыр еңбек істей алмайтын азаматтар кей жағдайда амалсыздан саудагерлікпен айналысқан. Кеңес мемлекеті тарапынан азаматтарды таптарға бөліп, қоғам ішінде ішкі жаулармен күресі қалыпты жағдай болатын.

**Қорытынды.** Кеңес билігі тарапынан “қоғамды тазарту” процесі қарқынды жүргені азаматтарды құқығынан айыру процесінен байқауға болады. Таптық күреске негіздерген идеологияның құрбаны қарапайым адамдар болған. “Құқықсыздар” 1920–1930 жылдары төменгі кастаға айналып, қоғам тарапынан талқыға қалды. Кеңес халқына тиесілі азаматтық құқықтардан айырылған азаматтар өздерінің болашағына күмәнмен қарады. Себебі мемлекеттік қызметке жұмысқа қабылданбады, колхоздан шығарылды, балаларын мектепке қабылдамады, мемлекеттен тарапынан берілетін барлық жеңілдіктерден айырылған. Сол себепті “құқықсыздар” кастасына айналған азаматтар жаппай жергілікті жерлерге, орталық билікке өтініштерін бере бастады. Біздің мақалада көрсетілген мысалдар теңізге түскен тапшымен бірдей. Мыңдаған азаматтардың кешкен жәйін бірнеше мысалдардан көруге болады. “Қоғамдық тазарту” процесі тек қана жаппай репрессиямен шектелмей, азаматтарды “құқықсыздар” кастасына айналдырумен жалғасып жатты.

#### Деректер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архиві

АОМА – Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві

#### Әдебиеттер

Alexopoulos 2003 – *Alexopoulos G. Stalin's outcasts: Aliens, citizens, and the Soviet State, 1926–1936.* Cornell University Press, 2003. 256 p.

Alexopoulos 2006 – *Alexopoulos G. Soviet citizenship, more or less: Rights, emotions, and states of civic belonging // Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History.* 2006. Т. 7. № 3. Pp. 487–528.

Kozybayeva, 2025 – *Kozybayeva M.M. Social and legal aspects of disenfranchisement in Kazakhstan in the 1920s–1930s // Otan tarihy.* 2025. Vol. 28. № 3. Pp. 573–590. DOI: 10.51943/2788-9718\_2025\_28\_3\_573-590

Kozybayeva, Kaipbayeva, 2024 – *Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T. Political repressions and marginalized people in the cities of Kazakhstan in the 1920–1930s: legal status and problems of adaptation of disenfranchised people // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz".* 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 411–423. DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_411-423

Moine, 2001 – *Moine N.* Can You Be Poor and Not Proletarian? Disenfranchisement in a Moscow Neighborhood in the 1920s and 1930s. // *Le Mouvement Social*, 2001. № 196 (3). Pp. 89–114. <https://doi.org/10.3917/lms.196.0089>.

Urban, 2016 – *Urban M.* (ed.). Ideology and system change in the USSR and East Europe. Springer, 2016. 271 p.

Архипов, Морозов, 1978 – *Архипов В.П., Морозов Л.Ф.* Борьба против капиталистических элементов в промышленности и торговле. 20-е – начало 30-х гг. М.: Наука, 1978. 276 с.

Исмагулов, Исмагулова, 2023 – *Исмагулов Ұ.Ш., Исмагулова Д.М.* Сайлау құқығынан айыру-кеңестік кұғын-сүргін саясатының бір көрінісі ретінде (XX ғ. 20–30 жж.) (Ақтөбе архиві материалдары бойынша). // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-элеуметтік ғылымдар» сериясы. 2022 № 4 (75). 7-18 бб. DOI: <https://doi.org/10.51889/5473.2022.51.59.001>.

Конституция, 1918 – *Конституция* (основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики, принятая V Всероссийским Съездом Советов в заседании от 10 июля 1918 г.

Коткин, 2018 – *Коткин С.* Предотвращенный армагеддон: распад Советского Союза, 1970–2000. М.: Новое литературное обозрение, 2018. 233 с.

Кукушкин, 1968 – *Кукушкин Ю.С.* Сельские Советы и классовая борьба в деревне (1921–1932 гг.). М.: Издательство Московского государственного университета, 1968. 294 с.

Қойгелдиев, Омарбеков, 1993 – *Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.

Лепешкин, 1966 – *Лепешкин А.И.* Советы власть трудящихся. 1917–1936 гг. М.: Политиздат, 1966. 250 с.

Мартин, т.б., 2002 – *Мартин Т., Суворовой К., Могильнер М.* Империя позитивного действия: Советский Союз как высшая форма империализма? // *Ab imperio*. 2002. № 2. С. 55–87. DOI: <https://doi.org/10.1353/imp.2002.0047>

Морозов, 1960 – *Морозов Л.Ф.* Решающий этап борьбы с нэпманской буржуазией (1926–1929 гг.). М.: Политиздат, 1960. 220 с.

Постановление НКТ СССР, 1929 – *Постановление НКТ СССР* от 13.07.1929 N 224 "О проверке состава безработных и о порядке регистрации и посылки на работу уволенных при чистке аппарата".

Приказчикова, 2009 – *Приказчикова О.Б.* Деятельность Постоянной центральной Комиссии по вопросам культов (1929–1938 гг.) // *Вестник ПСТГУ. II: История. История Русской Православной Церкви*. 2009. Вып. II: 2 (31). С. 41–76.

Прохоров, 2023 – *Прохоров М.Ф.* «Лишенцы» Западного предместья Москвы конца 20-х – первой половины 30-х годов XX века // *Историческая и социально-образовательная мысль*. 2023. Т. 15. № 4. С. 92–115. DOI: 10.17748/2219–6048–2023-15-4-92-115

Русина, 2009 – *Русина Ю.А.* "Нет права голоса – нет доверия": почему лишены ходатайствовали о восстановлении в избирательных правах // *Уральский сборник. История. Культура. Религия*. Вып. 7. В 2 ч. Ч. 1. Екатеринбург, 2009. С. 192–200.

Саламатова, 2011 – *Саламатова М. С.* Советские правоведы об избирательном праве (1920-е годы) // *Историко-правовые проблемы: новый ракурс*. 2011. №. 4–2. С. 96–106.

Селунская, 1987 – *Селунская В.М.* Социальная структура советского общества. История и современность. М.: Наука, 1987. 316 с.

Тулбасиева, 2023 – *Тулбасиева С.К.* Лишение избирательных прав в Казахстане 1920-30-х гг. XX века (на примере города Алма-Ата) // *Genesis: исторические исследования*. 2023. № 3. С. 1–12.

Федорова, 2007 – *Федорова Н.А.* Лишенцы 1920-х годов: советское сословие отверженных // *Журнал исследований социальной политики*. 2007. Т. 5. №. 4. С. 483–496.

Фицпатрик, 2003 – *Фицпатрик Ш.* «Приписывание к классу» как система социальной идентификации // *Россия и современный мир*. 2003. № 2. С. 133–151.

### Sources

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyng memlekettik ortalyq arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

АОМА – Aqtobe oblysynyng memlekettik arkhivi [State Archive of Aktobe Region]

## References

- Alexopoulos 2003 – *Alexopoulos G.* Stalin's outcasts: Aliens, citizens, and the Soviet State, 1926–1936. Cornell University Press, 2003. 256 p.
- Alexopoulos 2006 – *Alexopoulos G.* Soviet citizenship, more or less: Rights, emotions, and states of civic belonging. *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*. 2006. Т. 7. № 3. Pp. 487–528.
- Arkhipov, Morozov, 1978 – *Arkhipov V.P., Morozov L.F.* Bor'ba protiv kapitalisticheskikh elementov v promyshlennosti i torgovle. 20-ye-nachalo 30-kh gg. [The Struggle Against Capitalist Elements in Industry and Trade. The 1920s – Early 1930s]. M.: «Nauka», 1978. 276 p. [In Russ.]
- Fedorova, 2007 – *Fedorova N.A.* Lishentsy 1920-kh godov: sovetsskoye sosloviye otverzhenykh [Disenfranchised People of the 1920s: The Soviet Outcast Class]. *Zhurnal issledovaniy sotsial'noy politiki*. 2007. Т. 5. №. 4. Pp. 483–496. [In Russ.]
- Fitspatrik, 2003 – *Fitspatrik S.H.* "Pripisyvaniye k klassu" kak sistema sotsial'noy identifikatsii ["Class Assignment" as a System of Social Identification]. *Rossiya i sovremennyy mir*. 2003. № 2. Pp. 133–151. [In Russ.]
- Ismagulov, Ismagulova, 2023 – *Ismagulov U.Sh., Ismagulova D.M.* Saylaw quqıǵınan ayırw-kenestik quǵın-surgın sayasatının bir korinisi retinde (XX ǵ. 20–30 jj.) (Aqtobe arkhivi materialdarı boyınsha). [Deprivation of the right to vote as a manifestation of Soviet repression policy (20–30s of the 20th century) (based on materials from the Aktobe archive)]. *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Istoricheskiye i sotsial'no-politicheskiye nauki*. 2023 № 4 (75). Pp. 7-18. DOI: <https://doi.org/10.51889/5473.2022.51.59.001>. [In Kaz.]
- Konstitutsiya, 1918 – *Konstitutsiya* (osnovnoy zakon) Rossiyskoy Sotsialisticheskoy Federativnoy Sovetskoy Respubliki Prinyata V Vserossiyskim S"yezdom Sovetov v zasedanii ot 10 iyulya 1918 goda [Constitution (basic law) of the Russian Socialist Federative Soviet Republic, adopted by the Fifth All-Russian Congress of Soviets at its session on July 10, 1918] [In Russ.]
- Kotkin, 2018 – *Kotkin S.* Predotvrashchennyy Armageddon. Raspad Sovetskogo Soyuz, 1970–2000 [Armageddon Averted. The Collapse of the Soviet Union, 1970–2000.] M.: Novoye literaturnoye obozreniye, 2018. 233 p. [In Russ.]
- Koygeldiyev, Nurpeis, 1998 – *Koygeldiyev M. K., Nurpeis K.A.* Kazakhstan v 20–30-ye gody: vlast' i obshchestvo. [Kazakhstan in the 1920s–1930s: Power and Society]. Almaty: Dayk-Press, 1998. 328 p. [In Russ.]
- Kozybayeva, 2025 – *Kozybayeva M.M.* Social and legal aspects of disenfranchisement in Kazakhstan in the 1920s–1930s. *Otan tarihy*. 2025. Vol. 28. No. 3. Pp. 573-590. DOI: [10.51943/2788-9718\\_2025\\_28\\_3\\_573-590](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_573-590). (In Eng.)
- Kozybayeva, Kaipbayeva, 2024 – *Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.* Political repressions and marginalized people in the cities of Kazakhstan in the 1920–1930s: legal status and problems of adaptation of disenfranchised people. *Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"*. 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 411–423. DOI: [10.51943/2710-3994\\_2024\\_11\\_2\\_411-423](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_2_411-423).
- Kukushkin, 1968 – *Kukushkin YU.S.* Sel'skiye Sovety i klassovaya bor'ba v derevne (1921–1932 gg.). [Rural Soviets and the Class Struggle in the Village (1921–1932)]. M.: Izdatel'stvo Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta, 1968. 294 p. [In Russ.]
- Lepeshkin, 1966 – *Lepeshkin A.I.* Sovety vlast' trudyashchikhnya. 1917–1936 gg. [Soviets: The Power of the Workers. 1917–1936]. M.: Politizdat, 1966. 250 p. [In Russ.]
- Martin i dr. 2002 – *Martin T., Suvorovoy K., Mogil'ner M.* Imperiya pozitivnogo deystviya: Sovetskiy Soyuz kak vysshaya forma imperializma? [Mogilner M. Empire of Positive Action: The Soviet Union as the Highest Form of Imperialism?]. *Ab imperio*. 2002. №. 2. Pp. 55–87. DOI: <https://doi.org/10.1353/imp.2002.0047> [In Russ.]
- Moine, 2001 – *Moine N.* Can You Be Poor and Not Proletarian? Disenfranchisement in a Moscow Neighborhood in the 1920s and 1930s. *Le Mouvement Social*. 2001. № 196 (3). Pp. 89–114. <https://doi.org/10.3917/lms.196.0089>. (In Eng.)
- Morozov. 1960 – *Morozov L.F.* Reshayushchiy etap bor'by s nepmanskoy burzhuaziyey (1926–1929 gg.). [The Decisive Stage of the Struggle against the NEPman Bourgeoisie (1926–1929)]. M.: Politizdat, 1960. 220 p. [In Russ.]
- Prokhorov, 2023 – *Prokhorov M.F.* «Lishentsy» Zapadnogo predmest'ya Moskvy kontsa 20-kh – pervoy poloviny 30-kh godov XX veka ["Disenfranchised" of the Western Suburbs of Moscow in the late

1920s – first half of the 1930s]. *Istoricheskaya i sotsial'no-obrazovatel'naya mysl'*. 2023. Т. 15. № 4. DOI: 10.17748/2219–6048–2023-15-4-92-115 [In Russ.]

Qoygeldiyev, Omarbekov, 1993 – *Qoygeldiyev M., Omarbekov T.* Tarikh tagylymy ne deydı? [What does the teaching of history say?]. Almaty: Ana tili, 1993. 208 p.

Rusina, 2009 – *Rusina YU.A.* "Net prava golosa – net doveriya": pochemu lishentsy khodataystvovali o vosstanovlenii v izbiratel'nykh pravakh ["No Voting Rights – No Trust": Why Those Disenfranchised Petitioned for the Restoration of Their Electoral Rights]. *Ural'skiy sbornik. Istoriya. Kul'tura. Religiya. Vyp. 7. V 2 ch. CH. 1.* Yekaterinburg, 2009. Pp. 192–200. [In Russ.]

Salamatova, 2011 – *Salamatova M. S.* Sovetskiye pravovedy ob izbiratel'nom prave (1920-ye gody) [Soviet Legal Scholars on Electoral Law (1920s)]. *Istoriko-pravovyye problemy: novyy rakurs.* 2011. №. 4–2. Pp. 96–106. [In Russ.]

Selunskaya, 1987 – *Selunskaya V.M.* Sotsial'naya struktura sovetskogo obshchestva. Istoriya i sovremennost' [The Social Structure of Soviet Society. History and Modernity]. M.: Nauka, 1987. 316 p. [In Russ.]

Tulbasiyeva, 2023 – *Tulbasiyeva S.K.* Lisheniye izbiratel'nykh prav v Kazakhstane 1920–30-kh gg. XX veka (na primere goroda Alma-Ata) [Disenfranchisement in Kazakhstan in the 1920s-1930s (using the city of Alma-Ata as an example)]. *Genesis: istoricheskkiye issledovaniya.* 2023. № 3. Pp. 1–12. [In Russ.]

Urban, 2016 – *Urban M.* (ed.). Ideology and system change in the USSR and East Europe. Springer, 2016. 271 p.

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT  
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

<i>Мамытова С.Н.</i> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
<i>Ахметжан К.С.</i> ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
<i>Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.</i> «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
<i>Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B.</i> THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
<i>Toraigyrov Ye.M.</i> TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
<i>Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х.</i> УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
<i>Әуелбеков М.Б., Бахар Х.</i> XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
<i>Черниенко Д.А.</i> ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
<i>Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z.</i> SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY .....	564
<i>Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ.</i> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНЕН ҚЫТАЙҒА БОСҚЫНШЫЛЫҒЫ (XX Ғ. 30 ЖЖ.).....	576
<i>Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х.</i> О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

<b>Сулейменова А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
<b>Молотова Г.М.</b> ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
<b>Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С.</b> ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
<b>Алимбай Н.</b> ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
<b>Бахтыбаев М.М., Қожя М.Б., Сиздиков Б.С.</b> ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
<b>Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т.</b> ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
<b>Шашаева М.А.</b> ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
<b>Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г.</b> АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
<b>Есен С.Ғ.</b> МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
<b>Жетібаев К.М., Қожя М.Б., Әлімбекұлы Ә.</b> ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
<b>Муратбаева А.Б.</b> ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

<b>Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
<b>Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.</b> ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
<b>Алибек С.Н., Кудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
<b>Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
<b>Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
<b>Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.</b> МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
<b>Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.</b> КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ. ....	878
<b>Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.</b> ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
<b>Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
<b>Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.</b> THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
<b>Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.</b> THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---